

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК
ақпан айында ұйымдастырылған
«Достық пен қамқорлық» тәрбиелік айлығы Анықтамасы

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК ақпан айы «Достық пен қамқорлық» тақырыбына арналды. Айлықтың негізгі мақсаты – балалардың бойында достық, мейірімділік, өзара сыйластық, қамқорлық көрсету дағдыларын қалыптастыру, ұжымда жағымды психологиялық ахуал орнату, ата-ана мен балабақша арасындағы тәрбиелік байланысты нығайту болды.

Ай бойы ұйымдастырылған іс-шаралар балалардың жас ерекшелігіне сай жоспарланып, шығармашылық, ойын, әңгімелесу және бірлескен әрекет арқылы жүзеге асырылды.

«Досымның суретін саламын» шығармашылық іс-әрекеті бойынша

Бұл іс-шараның мақсаты – балаларға достықтың маңызын түсіндіру, өз досына деген жылы сезімін шығармашылық арқылы жеткізуге үйрету.

Балалар алдымен «Дос деген кім?» деген сұрақ төңірегінде әңгімелесті. Олар досының қандай болатынын сипаттап, «жақсы», «мейірімді», «ойнайды», «көмектеседі» деген сөздерді қолданды.

Содан кейін әр бала өз досының суретін салды. Кейбірі бірге ойнап жүрген сәтін бейнелесе, кейбірі қол ұстасып тұрған бейнесін салды. Тәрбиеші балаларға сурет арқылы өз сезімін білдіруді, досына жылы сөз айту керектігін түсіндірді. Іс-әрекет соңында балалар өз суреттерін таныстырып, досы туралы жылы пікір айтты. Бұл балалардың сөйлеу тілін дамытуға, эмоциясын жеткізуге және бір-біріне деген құрметін арттыруға ықпал етті.

Рөлдік ойын: «Досқа көмек» бойынша

Рөлдік ойынның мақсаты – балаларды бір-біріне көмек көрсетуге, қиын жағдайда қолдау білдіруге үйрету.

Ойын барысында түрлі жағдаяттар ұсынылды:

- досы ойыншықты ала алмай тұр;
- досы сүрініп қалды;
- досы ренжіп отыр;
- досы тапсырманы орындай алмай жатыр.

Балалар кезекпен көмек көрсетудің жолдарын сахналап көрсетті. Бірі қолынан ұстап тұрғызса, бірі ойыншықты әкеліп берді, бірі жылы сөз айтты.

Тәрбиеші «Егер сен досыңа көмектессең, ол қандай сезімде болады?» деген сұрақ қойып, балалардың ойлануына мүмкіндік берді. Балалар «қуанады», «күледі», «рахмет айтады» деп жауап берді.

Бұл ойын балалардың әлеуметтік дағдыларын, эмпатия сезімін, өзара қолдау көрсету қабілетін дамытуға үлкен әсер етті.

«Жүректен жүрекке» игі істер күні бойынша

Ақпан айындағы ерекше күндердің бірі – «Жүректен жүрекке» игі істер күні болды. Бұл күні балалар бір-біріне және үлкендерге жақсылық жасауға бағытталған әрекеттер орындады.

Балалар топ бөлмесін жинауға көмектесті, ойыншықтарды реттеді, кішкентайларға орын берді, тәрбиешіге көмек көрсетті.

Сонымен қатар, балалар қағаздан жүрекшелер жасап, оған жылы сөздер жаздырды немесе айтқызды:

«Саған денсаулық тілеймін»,

«Сен менің досымсың»,

«Әрқашан күліп жүр».

Бұл жүрекшелер достарына немесе ата-аналарына сыйға тартылды.

Іс-шара балалардың бойында мейірімділік, қамқорлық, ризашылық сезімдерін қалыптастыруға бағытталды. Балалар жақсылық жасаудың өзіне қуаныш сыйлайтынын түсінді.

Ата-аналарға арналған семинар бойынша

Айлық аясында ата-аналарға «Бала тәрбиесіндегі достық пен қамқорлықтың рөлі» тақырыбында семинар ұйымдастырылды.

Семинар барысында балаға мейірімді қарым-қатынас көрсету, үйде жағымды орта қалыптастыру, баланың эмоциялық дамуына көңіл бөлу мәселелері талқыланды.

Педагогтар ата-аналарға:

– баланы тыңдай білу;

– оның сезімін жоққа шығармау;

– үлгі арқылы тәрбиелеу;

– баланың достарымен қарым-қатынасын бақылау және бағыттау;

– жылы сөздің маңызын түсіну туралы ұсыныстар берді.

Семинар интерактивті форматта өтіп, ата-аналар өз пікірлерімен бөлісті, тәжірибелерімен алмасты.

Бұл кездесудің нәтижесінде ата-аналар баланың тұлғалық дамуына достық пен қамқорлықтың қаншалықты маңызды екенін түсініп, балабақшамен бірлесіп жұмыс жасауға дайын екендіктерін білдірді.

Ақпан айында өткізілген «Достық пен қамқорлық» айлығы №43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК тәрбиеленушілердің рухани-адамгершілік дамуына оң әсерін тигізді. Балалар бір-біріне қамқор болуды, достықты бағалауды, көмек көрсетуді үйренді.

Ұжымда жылы қарым-қатынас қалыптасып, балалардың өзара түсіністігі артты. Ата-аналар мен педагогтардың бірлескен жұмысы тәрбиелік үдерістің сапасын көтеруге ықпал етті.

Бұл айлық балалардың жүрегінде мейірімділік пен достықтың маңызын терең сезіндіруге бағытталған мазмұнды тәрбиелік кезең болды.

Дайындаған: Әдіскер Саттықова А